

Ералин Қ., Бейсенбеков Ж., Матеева М.

# БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ



Түркістан 2009

9.5845  
-64  
009

-451264-

Ерашев К.  
Фейнману Олвер'нік  
Колетаму Тудис.  
2003.

ӘДӘ. 584

Е-64


2009.

Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрлігі

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық Қазақ-Түрік  
университеті

Ералин Қ., Бейсенбеков Ж., Матеева М.

# БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ



Түркістан 2009

**УДК 73/76 (075.8)**  
**ББК 85.1 я 73**  
**Е 64**

**Пікір жазғандар:**

**Ж., Көшенов** доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты  
**Е., Әуебеков**, доцент, педагогика ғылымдарының кандидаты

**А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ түрік университеті оқу әдістемелік кеңесінде бекітілген. (Хаттама № 8. 16 сәуір 2009 жыл)**

**Е 69. Қ. Ералин, Ж. Бейсенбеков, М. Матеева. «Бейнелеу өнерінің қысқаша тарихы» Оқу құралы. Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2009, -127 бет**

**ISBN 978-601-243-117-9**

Бұл оқу әдістемелік құрал 050107- «Бейнелеу өнері және сызу» және 050421-«Киім дизайны» мамандығы бойынша жоғарғы оқу орнында оқитын студенттерге өнер тарихы пәнін меңгеруге арналған.

Оқу құралында бейнелеу өнерінің қысқаша тарихы қарастырылған. Өнер тарихы пәнінің оқу процесінде жоспарланған тақырыптар толығымен қамтылған.

**УДК 73/76 (075.8)**  
**ББК 85.1 я 73**

**Е 4903000000**  
**00(05)-8**

©Ералин Қ., 2009 ж.  
©Бейсенбеков Ж., 2009 ж.  
©Матеева М.2009 ж.  
©Қ.А.Ясауи атындағы ХҚТУ, 2009ж.

## Кіріспе

Өнер тарихы мен теориясы пәнінің негізгі міндеті бейнелеу өнерінің кеңістік пен уақыт аралығындағы көркемдік ырғағындағы форма мен образдың көріну сипатын ашу. Кеңістік – біз үшін геобиологиялық, әлеуметтік, рухани және мәдени орта. Уақыт – тарихи кезең. Өнер-рухани-мәдени саланың, эстетикалық көзқарастың, философиялық танымның шығу көзі және көрініс объектісі. Сондықтан оның құндылықтарының бағалануы, оған айтылатын сыни көзқарасқа, әлеуметтік сұраныс талап-тілектерге, қоғамдық не индивидуальді позицияға байланысты айқындалады. Онымен қоғамның рухани-мәдени жетістіктері де байланысты. Ол суретшінің көркемдік іс-әрекетіне де тікелей әсерін тигізеді. Сонда көркемөнер ізденіс тәжірибелері мен көркем образды түйсіну мүмкіндіктеріне рухани, мәдени, тарихи, табиғи, психологиялық және әлеуметтік алғышарттар рухани тұғыр қызметін атқарады.

Сонымен бірге бейнелеу өнері-индивидуальді өнер. Образды сомдау және оны қабылдау барысында суреткердің немесе көрерменнің рухани-мәдени болмысы, көркем-эстетикалық, философиялық көзқарасы, мәдени деңгейі, табиғи дарыны жетекші орынға шығады.

Өнер тарихы дегеніміз адамзат тарихы. Адамзат ес жиғаннан бері өнермен бірге жасасып келеді.

Өнер адамның дүниеге, болмысқа деген наным-сенімдерін дамытушы, саналылық пен білімділікке жетелеген қозғаушы күші және әсемдік пен сезімдердің қайнар көзі болды. Сондықтан да өнер адамның әлеуметтік дамуындағы бірден бір негізгі белгі болып табылады. Өнер адамды тұрпайы дәрежеліктен сезімталдыққа, сүйіспеншілікке баулып оны жоғары парасаттылық биігіне көтереді. Еңбектену мен іздену арқылы адам өнерді тудырса, өнер адамды жан-жақтылыққа, әсемдік әлемін танып білуге тәрбиеледі.

Өнер арқылы адам сұлулық пен дәрежеліктің ара жігін айыра білді, осыдан барып адамда эстетикалық талғам қалыптасты. Адам өнерді тудырса, өнер адамды әсемдікке, салиқалы ойлылыққа, мәдениетке жетеледі.

## Өнердің бастапқы нышандарының пайда болуы

Өнердің алғашқы нышандарының пайда болуы адам еңбегімен байланысты. Бізге белгісіздеу, бұлыңғырлау көрінетін мұнан ондаған мың жыл бұрын да өнердің бастапқы белгілері байқала бастаған. Адамның арғы тегі болып табылатын неондертальдарда сезімдік түйсік пен ойлау қабілетінің қылаң беруі, оларды өмірге қажетті қарабайыр алғашқы еңбек құралдарын жасауға, түйсікпен еңбек етуге талпындырды. Бірақ олардың ойлау қабілеті мен сезімдік қасиеттерінің әлі толық жетілмеген кезі еді. Адамның өзін-өзі тежеу, көпшілік болып ұйымшылдыққа топтасуы әлі қалыптаса қоймаған. Көбінесе адамдар жалғыз-жарым өмір сүрді. Сондықтан болар, олардың қолданған құралдары мыңдаған жылдар бойы өзгере қоймады.

Тек кейінерек, өмірге қауіп төндіретін жыртқыш аңдарға қарсы тұру үшін, күн көрістің қамымен топтасып, қауымдасып өмір сүретін болды. Осыдан бастап алғашқы қауымдық құрылыс өмірге келді. Адамның сана-сезімі өсіп, тұжырымды да байыпты әрекеттерге барды. Өнерлі ой туындады. Егер бұрын адамдар табиғи заттарды еш өңдеусіз пайдаланса, енді оны өздерінің ыңғайына қарай қажетінше өзгертіп, өңдеп алып отырды. Бұл өнерлікке деген бастаманың алғашқы нышаны еді. Өйткені қандай зат болмасын, оның табиғи күйін саналы пайымдау арқылы өзінше өзгерту адамнан белгілі бір салиқалы ой-тұжырымды, шеберлікті қажет етеді. Ал шеберлік жүрген жерде әрдайым өнерлі ой толғанысы пайда болады. Осыдан барып өмірге табиғи қалпындағы емес, адам қолымен өзгертіліп өңдеуден өткен, бойында өнер нышаны бар зат туындайды. Көбінесе осындай туындылар өнердің туып қалыптасуына игі ықпалын тигізеді. Өнерлі ой толғаныстың арқасында адамның еңбекке деген қызығушылығы мен ынтасы арта түсті, рухани сезім қажеттілігінің байи түсуіне үлкен әсер етті. Сонымен қоса адамның алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінде рухани игіліктерді тез меңгеріп кетуіне, әлемнің тылсым сырына құштарлана түсуіне, айнала қоршаған табиғи құбылыстарды зерттеп-зерделей білуіне үлкен септігін тигізді.

*Палеолит дәуірінің өнері.* Тас дәуірінің алғашқы кезеңі палеолит заманында, адамдар өнердің алғашқы нышандарын тудырып қана қоймай, оны ары қарай дамытты. Алғашқы айқұш-ұйқыш ретсіз сызық белгілерден бастап, сан түрлі аңдардың, тіпті адамдардың нобайына дейін бейнелейтін дәрежеге көтерілді. Палеолит дәуіріндегі өнердің бір топ үлгісі Испанияның атакты Альтамира үңгірінен табылды. Үңгірде ертедегі адамдар салған көптеген аңдардың негізінен қодастың, жылқының, қабанның әр түрлі қимыл-қозғалыстағы кейіптері шеберлікпен кескінделген. Адамдар өздерімен күнделікті кездесіп жүрген жабайы аңдарды жете зерттегені сондай олардың ерекше қасиеттерін, жүріс-тұрысын өзгеріс үстіндегі қас-қағым сәттік кейпін дөп басып, айнытпай бере білген. Түрлі-түсті табиғи бояулармен салынған бұл суреттер өзінің шынайылығымен, аңдардың дене бітімінің пропорциялық дәлділігімен

бейнелеген. Сондай суреттің бірі- Альтамира үңгіріндегі қодастың кескіні. Мұнда аң бейнесі ширыққан қимыл-қозғалысты, әсем ырғақты сызық толқындарымен жоғары профессионалдык деңгейде салынған. Палеолит адамдары осындай шебер суретші бола тұра композициялық құрылымға келгенде қарабайыр, ретсіз шашырандылыққа ұрынған. Өйткені олардың санасында белгілі бір заңдылыққа негізделген ережемен бейнелеу, айнала кеңістіктің кескінделген аңдармен байланысын беру қолданылмаған, бар ниеті тіршіліктегі ең басты қарсыласы жабайы аңдардың болмыс-бітімін, мінез даралығын тереңірек білу болатын. Сондықтан да олардың суретін аса бір зейінділікпен шұқшия зерттеп, кескіндеуді шебер меңгере білген.

Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңіндегі адамдарының өнерін зерттеу барысында олардың шығармаларынан тек аңдарға баса көңіл бөлу қатты байқалады, сол себептен де болар тасқа таңбаланған суреттерден адам кескіні өте сирек кездеседі. Кездескен суреттердің ішінде, әсіресе мүсін кейіптері көп кездеседі. Сондай мүсіннің бірі «Костенки венерасы». Мүсінде ертедегі адам жалпылама қарабайыр сомдалып, ешқандай дене мүшелерін анық көрсетпей, абстрактілі түрде бейнеленген. Ал екінші бір мүсін «Савиньяно венерасы» мүсіншесінде әйел бейнесі, оның әйелге тән нәзіктеу дене бітімі, қимыл-қозғалысы әсерлі сомдалуы, «Костенки венерасы» мүсінінен ерекшеленіп тұр. Бірақ шыншыл бейнелеуге жақындағанымен, шарттылық нышаны мұнда да сезіледі. Оны мүсіншенің басы мен аяқ-қолдарының сомдалуынан байқауға болады. Сонымен қатар палеолит әйел мүсіндерінің сомдау ерекшеліктеріне ойлана, тереңдей үңілер болсақ олардың белгілі бір діни наным бойынша немесе табыну символы ретінде жасалған. Сол кезеңдегі мүсіндердің дені- әйел кейіптері, сондықтан да алғашқы қауымдық құрылыста белді қоғам басқарушысы әйелдер болды деген негіз бар. Екінші бір негіз- әйел қоғамның басқарушысы ғана емес, сонымен бірге ошақ басының қамқоршысы, ұрпақ жаюшы ретінде көрініс береді, оны сол артықшылықтары адам табынарлықтай құдай кейпіне дейін көтерген. Сол себептен де олардың бет-әлпетін бейнелеуге суретшілердің дәрменсіздік танытып, батылы бармаған.

*Неолит дәуірінің өнеі.* Палеолит дәуірінің аяққы кезеңі мен неолит дәуірінде жартаc суреттері кең етек жайды. Бұындары тек жабайы хайуанаттарды ғана бейнелеп келсе, енді белгілі бір кіші-гірім тақырыптарға құрылған адамдар мен аңның қарым- қатынасын көрсететін суреттер пайда бола бастады. Суреттер бұрынғыдай тәптіштелініп, оның табиғи қалпында салынбай, тәсімді түрде бейнелеу өмірге келді. Бұл әдіс адамға айналадағы күнделікті құбылысты, қоғамдық қақтығыстарды қарапайым тәсімдік әдіспен тез бейнелеп отыруға құлшындырды.

Жан-жануарлардың, адамның тәсімдік абстракциялы бейнелері адамзатқа ой салып, оның қиял-ғажайып сана-сезімін өсіріп, жаңадан тың бейнелер тудыруға, пиктограммалық жазудың (әр түрлі нышандармен (суреттермен) бейнелеп ойды жеткізу) пайда болуына үлкен әсерін тигізді.

Осындай өнердің пайда болуы арқасында адам ауқымды ойлауға икемделініп, өмірді саналылықпен тұжырымдауға барынша батыл бет бұрды. Бұрынғыдай көргенін бұлжытпай көшіре салмай, терең ойлы философиялық тұрғыда кескіндеу кең құлаш жайды. Соның арқасында өнерлі сана-сезім философиялық оймен байтылып, түйіні қиын өнер белгі тәсімді немесе ою-өрнекті бейнелеу пайда болды.

Егер бұрынғы (палеолит дәуірі өнерінде) адамдар қалдырған өнер белгілерінде олардың айтар ойын бір көргенде тез табатын болсақ, кейінгі неолит дәуірі өнерінің алдында біраз ойланып-толғануға тура келеді. Осы кезеңдегі суреттер өзінің тақырыбының сан алуандылығымен адам назарын өзіне аударады. Жартасқа таңбаланған кейбір суреттерде сол заманның қоғамдық құрылысын, тайпа аралық алапат соғыстарын тамашалауға, сол арқылы тарих тереңіне байыпты үңіліп, көз алдына елестетуге болады.

Осындай қарапайым да тәсімдік стилизациялы бейнелеу өнерінің өркендеуіне үлкен серпіліс туғызды. Өнерге деген ойдың ұшталуына септігін тигізіп, қолдың ырғақты иірім-сызықтарына деген икемділігін тез қалыптастырды. Тәсімдік суреттерден туындаған ою-өрнек нақышты өнердің дамуына жол ашты. Түрлі тәсімді суреттер нақты белгіге, одан пиктограммалық әріптерге айналды. Осы кезеңде өнер үш-төрт салаға бөлініп, өзіндік бет-бейнесін қалыптастырды. Алғаш рет саз балшықтан қыш кеселер жасалып, олардың жиектері, қабырғалары түрлі белгілермен (нүкте, сызық, т.б.) өрнектермен көркемделетін болды. Енді өнер тек қызықтайтын жартастағы сурет қана емес, адам қажетіне жарайтын заттардың әсемдік әрін беретін қажеттілікке айналды.

*Мезолит дәуірінің өнері.* Таяу уақытқа дейін алғашқы қауымдық өнердегі бейнелеу формаларының эволюциясына қарама-қарсы екі көзқарас болып келді: бірінші көзқарас бойынша оның бастапқы қайнар бұлағы үңгірлердегі натуралистік кескіндеме мен мүсін деп есептелінсе, екінші көзқарас бойынша – палеолиттік өнерде кең орын алған схемалық таңбалар, геометриялық шартты формалар деп саналды. Палеолиттік үңгірлердің қабырғаларындағы нағыз ежелгі суреттердің қатарына натуралистік суреттерді де-адам қолының дымқыл саз балшыққа түсірілген таңбаларын және тағы да сол саз балшыққа қолмен жөн-жосықсыз сызғылап түсірген айқыш-ұйқыш ирек сызықтарды – «макарондар» мен «меандрлерге» жатқызуға болады, бұл суреттер осы дәуірде салынған. Нағыз ежелгі мүсіндемелердің бірі-Франциядан табылған әйелдің кеуде мүсінінің фрагменті қарапайым-реалистік стильде жасалып, қысқа-қысқа қатарласқан штрихтардан тұратын схемалық өрнектермен әшекейленген. Палеолиттік әйел бейнелерінің бәріне дерлік ортақ форма белгілерін дененің жеке мүшелерін бет әлпеті мен аяқ табандарының жоқтығы, бұл арада таза стильдік ортақтық айқын байқалады. Бүкіл палеолиттік мүсін тас пен сүйектен жасала тұрса да, бұл мәнерге ұқсас мәнерді тек Мексиканың архайкалық саз балшық мүсінінен ғана кездестіруге болады. Бұдан жиырма бес мың жылдан астам уақыт

бұрын сөнген ошақтағы оттың орнынан, тас, сүйек құралдардың арасынан, адамзат мәдениетінің тарихында бірінші рет керамикалық бұйымдар табылды, олардың ішінде палеолиттік «венералар» стилінде жасалған әйел бейнелері де бар. Палеолиттік әйел бейнелерінің басым көпшілігінің өзіндік ерекшелігі жоқ, мұнда нақтылы бір натураны қаз-қалпында бейнелеуде емес, ошақ басының қамқоршысы, ұрпақ жаюшы ана-әйелдің жиынтық образын жасауда болған. Палеолиттік аңшылар адамның бет-жүзін барлық детальдарымен шебер бейнелеп қана қоймай, сонымен бірге оған едәуір даралық сипат та бере білген. Мысалы; мамонттың сүйегінен ойып жасалған еркек адамның басы: онда сопақтау келген бет пішін, мұрынның, екі көздің, ауыздың өзіне тән формалары айқын көрінеді.

Соңғы мұздық дәуірден кейінгі дәуірдің бас кезінде Европаның өсімдік және жануарлар дүниесінде елеулі өзгерістер болды. Адамдар теңіз жағалауына жақын жерлерге, өзендер мен көлдердің жағалауларында мекендеді. Палеолит дәуірінде негізгі назар жануарларға аударылса, мұнда басты тұлға-адам. Егер палеолиттік дәуірден қалған үнгірлердегі суреттер бір-бірімен байланысы жоқ жеке пішіндер болса, жартастағы суреттер мезолит аңшыларының өмірінен алынған әр-түрлі эпизодтарды бейнелейтін, көп пішінді композициялар басым. Бірақ жалпы алғанда мұнда петроглифтер өте сирек кездеседі. Мұның себебі: суреттің бұл әдісі шығыс испандық өнердің ширақтық, динамикалық сипатына сәйкес келмеген. Осы себептен суреттердің мөлшері де біршама шағын болған. Жанурлардың пішіндері 75 см. Жетеді, ал адамдар одан да кіші. Оның есесіне композициялардың жалпы аумағы үлкен, пішіндерінің саны көп. Суреттердің саны мен сапасы жағынан аңшылық көріністері негізгі орын алады.

Неолит дәуіріндегі және одан көп кейінірек уақыттағы жартас өнерінің ескерткіштері барлық жерден кездеседі. Неолиттің, қола дәуірінің және темір дәуірінің бас кезінің схемалық бейнелері Испания мен Португалияның жартастарына да қашап түсірілген; ондай бейнелер Англия мен Германиядағы Италия мен Скандинавиядағы бейіттердің тас блоктарын да безендіріп тұр.

Тұтас алғанда неолиттік өнер өмір шындығынан барған сайын алыстап, жаңа анималистік ұғымдарды бейнелейтін символдарды абстрактілі әлеміне бата берсе, әйел образын жасауда шынайы формалармен байланыс еш уақытта ақырына дейін үзілмеген.

*Ежелгі мәдени ошақтар* Бұдан мыңдаған жылдар бұрын да әлем төсінде көне дәуір өнерінің бастау алып дамыған бірнеше ошақтары болды. Өркениетті көне орталықтар, өнер ошақтары шамамен бұдан 6-8 мың жыл бұрын өмірге келді. Осындай айтулы өнер мен ерте дүние мәдениетінің ордасына айналған аймақтар; Алдыңғы Азия мен солтүстік шығыс Африка, оңтүстік шығыс Азия. Осынау ұлан-ғайыр кең далада бірнеше гүлденген мәдениет пен өнер өркен жайды, атақтары жер жарған ұлы мемлекеттер өмір сүрді. Атам заманғы тарих таразысына түскен мемлекеттерге Шумер, Вавилон, Ассирия, Мысыр, Қытай, Иран және

евразиядағы кең даланы жайлаған ғұндар мен сақтардың, масагеттердің патшалықтары жатады. Осылардың өнері мен алдыңғы қатарлы мәдениеті кейінгі дәуірлердегі әлем мәдениеті мен өнерінің қалыптасуына үлкен әсер етті.

### Ежелгі Египет өнері

Әлем өнерін сөз еткенде Мысырдың ғажайып өнері баасқа аймақтардағы мәдени ескерткіштерге қарағанда өзіндік сипатымен, көнелігімен ерекшеленеді. Мысыр жерінде өнер ошақтары, түрлі кешендер мен қорымдар жақсы сақталған.

Мысыр мәдениеті мен өнерінің бізге жеткен алғашқы белгілері шамамен б.з.д. 4 мың жылдықтарда пайда болды. Алғашқы қауымдық құрылыс ыдырап, құл иеленуші мемлекеттер біртіндеп өмірге келе бастады. Б.з.б. төртінші мың жылдықтың екінші жартысында қазіргі Мысыр жерінде осындай екі құл иеленуші мемлекет ірге көтерді. Олар: оңтүстік және солтүстік патшалығы деп аталады. Б.з.б. 3 мыңыншы жылдары солтүстік патшалығы ұзақ жылғы соғыстан кейін оңтүстікке бағынып, тұтас Мысыр мемлекетін құрды. Осы кезеңде мәдениет пен өнер біраз дамыды. Тасқа ойылып қашалып жасалынатын бедерлеу өнері барынша өріс алды. Суретшілер заманындағы қоғамдық құрылысты, соғыс қимылдарын патша жорықтарын қайрақ тастарға бейнелеп түсіріп отырды. Бір жағынан тарихи жылнама белгі болып табылатын, екіншіден өнердің озық ескерткіші саналатын бедерлеме суреті бар тақта тастың бірі- Нармер тақтасы. Бұл өнер ескерткіші сол дәуірде болған белгілі тарихи кезенді тамаша ашып көрсетеді. Тақтада солтүстік патшалығын тізе бүктірген Нармер патшаның әскери жорығын, жеңісін айшықты бейнелермен шебер бере білген. Әсіресе мүсіншінің тақтадағы құрылымдық шешімі, тақта бетін ұтымды пайдалануы көрген адамды баурап алады. Бұл тарихи өнер көзі көне Мысыр өнерінің ең бір айтулы ескерткіші болып табылады.

Осыдан кейінгі кезеңдерде де Мысыр патшалығы нығайып, перғауындар билігі барынша аса түсті. Бар байлықты қолдарына жинаған патшалар әулеті Мысырда ірі-ірі қалалар, ауқымды сәулет кешен-ғибадатханалар салуды қолға алды. Мұндай мәдени өзгерістер әсіресе перғауын Жосердің тұсында кең етек алды. Сол кездегі Мысыр патшалығының орталығы, әлемдегі ең көне қаланың бірі- Мемфис гүлденіп өркендеді. Сол замандағы өркендеген мәдениет пен өнердің жемісі ретінде Жосер пирамидасы салынды. Жосер пирамидасы Мысыр классикалық сәулет өнерінің алғашқы қарлығашы болып табылады. Бұл бір жағынан сәулет өнерінде үлкен бетбұрыс әкеліп, тың инженерлік жүйенің пайда болуына жол ашты. Егер бұрын Мысыр сәулет кешендері бір қабатты масштабтардан (кірпіштен қаланған жайдақ үйлер) тұратын болса, бұл пирамида жеті масштабтан тұратын зәулім сәулет кешенін құрады, сондықтан да оны баспалдақты пирамида деп атады.

Пирамиданың биіктігі 70 метрге дейін жетті. Мұндай алып құрылыстың Мысырда етек жаюы діни нанымға да көп байланысты еді.

Жосер сәулет кешенінен бастау алған «пирамидалар дәуірі» б.з.д. XX-ҮІІ ғасырда өзінің шарықтау шегіне жетті. Пирамидалардың ішіндегі ең ғаламаты, атақтысы Хуфу-Хеопс және Хафра, Менкаура тұрғызылды. Ніл жағасындағы Гиза жазығында орналасқан осы үш пирамиданы Гиза пирамидалар қорымы деп атайды. Пирамидалар қорымындағы ең атақтысы- Хуфу-Хеопс ғибадатхана сәулет кешені. Оны Мысыр перғауыны Хеопс салдырған. Пирамиданы салдыру үшін Ніл дариясынан Гиза жазығына дейін он жыл бойы жол төселген. Содан мыңдаған құлдардың қисапсыз ауыр еңбегінің арқасында құрылысты 20 жыл бойы салғызған. Пирамиданың аумақтылығы мен зәулімділігі сондай-оған әлі күнге дейін тең келер тас құрылыс болмай отыр. Оның биіктігі-147 метр де, қырларының көлбеулігі-235 метрге жетеді. Ғаламат, тек тас кесектерден өрілген сәулет ескерткіші бес мың жыл бойы әлі мызғымай, сол күйі сақталып, асқақ тұр. Осынау алып құрылысқа басшылық жасаған сәулетші Хемиун болды.

Мысыр елі кейінгі ғасырларда да дүниежүзілік мәдениет пен өнерге өлмес мұралар қалдырды. Сондай сәулет өнерінің бірі- б.з.д. XX-ХІІІ ғасырларда салынған Қарнак ғибадатханасы. Ғибадатхана құрылысын сол кездегі ел басқарған ұлы перғауын Аменхотеп-ІІІ салдырды. Патша сәулетшілерден бұл ғибадатхананың ешбір құрылысқа теңдессіз, өзгеше болуын талап етті. Ғибадатхананың негізгі сарай бөлмесінің ұзындығы 103 метр, ал ені 53 метр болып, 140 бағаналардан тұрғызылған.

Мысыр тарихында қай дәуірде болмасын ондағы сәулет ғимараттары мен мүсін өнері бірге дамып отырған. Гиза пирамидаларын оның қорғаушысы сияқты айбынды да асқақ Хефрен сфинкісіз, Қарнак, Луксор храм-ғибадатханаларын алдындағы құдай бейнелі сфинкстер мен түрлі перғауындар мүсінінсіз елестету ешбір мүмкін емес. Олар бірін-бірі толықтырып, жарасым тауып тұр.

Мүсін өнерінің ішінде өзінің көнелігімен де, асқақ та ауқымдылығымен де Хефрен сфинкісі ерекше көзге түседі. Денесі арыстан бейнесінде сомдалып, бас жағы перғауын Хефрен кейпін елестететін алып ескерткіш негізі табиғи гранит тастан қашалып жасалған. Осынау Хефрен мүсінінен бастау алған Мысырдың монументальды ескерткіш белгілері жан-жақты дамып, жайдақ бедерлеме өнерде болсын, керегелік роспистік өнерде болсын, өзінің канондық ерекшелік өлшемдерін қатаң сақтап отырды. Әсіресе бедерлеме, келбеттік өнер туындыларында бейнелеу ағымы ерекше жетістіктерге жетті. Оны б.з.д. үшінші мыңжылдықта жасалған сәулетші Хесирдің бейнесі.

Сол кезеңдегі немесе одан кейінгі замандардағы Мысыр өнеріне тән нәрсе, әсіресе адам кейпін кескіндегенде кеудесі мен көзін алдынан, ал басы мен аяқтарын қырынан көргендегідей бейнелеуінде. Осы әдіс-тәсіл қаншама ғасырлар бойы өзгермей, Мысырдың өзіндік әдістемелік бейнелеу мектебін қалыптастырды. Бұл бейнелеу тәсілінің өміршеңдігі

сондай бірнеше ғасырлар бойы жан-жаққа тарап, әр ел өнерінің даму тарихына игі ықпалын тигізіп отырды. Осындай өміршең өнердің ықпалды табы ежелгі Шумер, Аккад, Егей мәдениетінен байқауға болады.

Мысыр тарихында, көне дәуірден кейін (көне патшалықтан кейін) өнердің бір өркендеген уақыты орта патшалық тұсында болды. Осыған дейінгі замандарда перғауындардың құдайдай дәуірлеген билігі әлсіреп, Мысыр патшалығы бірнеше биліктерге бөлініп, ыдырап кетті.

Жаңадан өкімет басына келген патшалар өздерінің астанасы Фивте және оның маңайында өткен перғауындардың жолын қуып, ірі ғибадатханалар мен кесенелер тұрғыза бастады. Солардың ішіндегі ең елеулісі Гиза пирамидаларынан кейінгі аты-шулы сәулет ғимараты-перғауын Ментухотеп I-нің басына тұрғызылған ғибадатхана болды. Бұл ғибадатхана Ніл дариясының батыс жағында Дейр-әл Бахир баурайында салынды. Ғибадатхана өнер тарихында өзінің ерекшелігімен, сәулеттік тың әдіспен тұрғызылуымен сол замандағы құнды ғимарат болды. Ғибадатхананың біраз бөлігі жартастан қашалынып тұрғызылды және де ең алғаш бағаналар тізбегі осында пайдаланылды. Бұрындары бағаналар тек жартылай керегемен бірге жансарластырылып, сәндік үшін қолданылса, мұнда ғибадатхананың негізгі сәулет бөлшегі ретінде пайдаланылған. Бағаналар тізбегінің үстінде маңдайша орнатылған. Негізінен ғибадатхана екі қабаттан тұрады. Бірінші қабаттағы маңдайшаның ортасынан екінші қабатқа шығатын көтерме жол салынған. Екінші қабатта да бағаналар тізбегі маңдайшамен жалғасқан. Осы екінші қабаттағы залдың ортасында тас кесектерден тұрғызылған пирамида орналасқан. Бұл пирамиданың тағаны (фундаменті) етіп кәдімгі табиғи тау шатқалының жартасы алынған, пирамида сол «тас түбірге» орнатылған. Ғибадатхананың атын шығаратындай бірнеше ерекшеліктері бар; оның біріншісі- ескі Мысыр патшалығы тұсындағы сәулет әдісі мен кейінгі патшалық тұсындағы сәулет әдісінің жымдасып, жарасым тауып тұрғызылуында. Екіншісі – ғибадатхананы табиғатпен байланыстыра салып, жоғары үйлесімділік сәйкестігіне қол жеткізуі. Осынау атақты, аты аңызға айналған ғибадатхананы сол дәуірдің ірі сәулетшісі- Иртісен жобалап салдырған.

### **Алдыңғы Азия немесе Қосөзен өнері**

Ертедегі ең ірі мәдени-өнер ошақтарының бірі- Алдыңғы Азия елдері болды. Өнер тарихында бұл ошақ «Қосөзен өнері» деген атпен белгілі. Дүниежүзілік мәдениеттің алтын қорына ғаламат өшпес мұралар қалдырған. Мысыр елінен кейінгі ірі мәдениет пен өнердің өркендеп тоғысқан жері осы- Қосөзен алқабы. Қосөзен өнері деп Алдыңғы Азия елдерінің территориясын басып өтетін Тигр мен Ефрат өздерінің алқабында мыңдаған жылдар бойы өркендеп, өмір сүрген өнер тарихын айтады.

Осы алқапта кезінде аты әлемге аян болған Шумер, Аккад және Вавилон мемлекеттері өмір сүрген. Сол сияқты Жерорта теңізінің шығыс жағалауын- Сирия-Финикия, Палестина және хеттер мен хуриттер жайлап, таулы аймақты Ассирия, Урарту және Иран патшалықтары иелік еткен. Осы ондаған мемлекеттің ғасырлар бойы жасаған өлмес өнері өзінің әр түрлілігімен, эстетикалық әсерлі нақыштарымен тарихта жоғары баға алды. Өңірде әсіресе сәулет құрылыстары өзіндік бағыт-бағдармен дамыды.

Қосөзен сәулет кешендерінің тұрғызылу әдістері тек сол аймаққа ғана тарамай, басқа да елдерге үлкен әсер етті. Қосөзен ескерткіштері Мысырдағыдай көп сақталмаған, өйткені олардың көбі уақыт, табиғат құбылыстарының тегеуріне төтеп бере алатындай материалдан жасалмаған еді. Көбінесе мұндағы ескерткіштер шикі кірпіштен өрілгендіктен біздің заманымызға жетпеген. Сондықтан археологиялық қазба жұмыстарына көп иек артылуда.

### Шумер өнері

Б.э.д. 4- мың жылдықтың екінші жартысында Оңтүстік Қосөзен өңірінде ең алғашқы қала- мемлекеттер пайда болды. Соның бірі- Шумер мемлекеті. Осында ең көне монументальды сәулет, бейнелеу өнерлері (мүсін, рельеф, мозайка) және де әр түрлі әсемдік бұйымдар өмірге келді. Сонымен қоса жер бетіндегі ең ескі жазулардың бірі- Шумер жазуы осында пайда болды. Олар тарихи маңызы бар жазуларды сақтаудың тамаша жолын ойлап тапты. Әдейілеп құйылған дымқыл қыш тақтайшаларға үшкір таяқшалармен қырнап жазып, одан оны отқа күйдіріп кептіретін. Сонда жаңағы «кітап» тақтайшалар тастай қатты күйге түсіп, көпке сақталатын қасиетке ие болатын.

Шумер мемлекетіндегі алғашқы сәулет құрылысының бірі- б.з.д. төртінші мың жылдықтың аяғында салынған «Ақ храм» мен «Қызыл үй». «Қызыл үй» құрылысы өзіндік текше тәрізді жобасымен әрі жартылай тіреуіш-бағаналарымен көзге түседі. Кешеннің сыртқы керегелері мен бағаналарының қызғылт түсті геометриялық фигуралы кірпіштермен көркемделуі оның «қызыл үй» аталуына себепші болған. Ескерткіштер тұрғызу Шумер патшалығында да барынша жанданып етек алды. Әдетте алқапта су тасқынының жиі болуынан, әрі сазды жер боландықтан қасиетті ғибадатханаларды биік жотатөбелерге тұрғызатын.

Тағы бір осы өңірге тән нәрсе-ауаның ылғалдылығы, сол себептен кереге роспистері, фрескалары нашар сақталатын. Осындай табиғат әсерін ескере отырып, бұл өңірде көбінесе керегелерді түрлі мозайкалармен немесе құбылмалы асыл тастардан тұратын нақышты өнермен безендіру кең өріс алды. Сонымен қатар бағаналармен керегелерді безендіруге қаңылтыр, мыс, «парақтар» пайдаланылды. Осындай айшықты өнерлермен безендірілген құрылыстың бірі- «құдайлардың анасы, әрі

орманды тау құдайы» храмы- Нинхурсаг. Храмның өн бойында көлденең ұзыннан-ұзақ мозайкалы фриздер жүргізілген. Ол фризде күнделікті ауылшаруашылық тұрмыс-тіршілік бейнеленген. Осы ғибадатханадағы тағы бір өнер ескерткіші-мандайшаға орнатылған тікбұрышты мыс пластинка. Пластинкада бүткіл ороманды тауда тіршілік ететін хайуанаттардың әміршісі, арыстан басты бүркіт бейнелі- Имдугуда ойылып бейнеленген. Адамдар осындай бейнелер арқылы айнала қоршаған табиғаттың сұлулығы мен дүлей күшін тамашалап тағзым етті, оларды бәрінің иесі- жаратушысы бар екеніне кәміл сенді. Соған қарамай олар құбылмалы ғаламат күші бар табиғат құбылысымен жарысқа түсіп, оның жаратылысын қолмен өзгертуге күш салды. Осындай сезіммен де адамдар ірі, алып құбылыстар тұрғызды. Соның бірі- Ур қаласында салынған Зиккурат. Құрылыс кезінде текше тәрізді тағанға отырғызылған, барған сайын көлемі кішірейе беретін үш қабатты пирамидалардан тұрған. Қазіргі кезде осы алып құрылыстың тек төменгі бөлігі ғана сақталған, соның өзінің биіктігі 20 метрге жетеді. Кезінде пирамиданың биіктігі 60 метрге жеткен, ал оның ұшар басында күн құдайының кішкене бағаналы көгілдір ғибадатханасы орналасқан.

Қосөзен аңғарында осындай әйгілі сәулет пирамидаларымен қоса мүсіндеу және бедердеме өнер өзінше бір өзгешелікпен дамыды. Әсіресе бедердеме кескіндеу барынша кең тарады. Мұндай шығармаларда көбінесе патшалардың жаугершілік жорықтары, даңқты жеңістері дәріптелінді. Сондай жұмыстың бірі- Энантума стелласы (стелла-тас тақтайша). Мұнда Мысырдағы Нармер тақтасы сияқты патшаның кезекті бір жорықтағы жеңісі сипатталған. Лагаш қаласының әміршісі- Энантуманың көрші қаланы Умманы бағындыруы бейнеленген.

Үшінші мың жылдықтың бірінші жартысында Шумер мемлекетінде мүсін өнері біршама дамыды. Бірақ та қатты материалдардың (тас, мәрмәр т.б.) тапшылығынан бұл өңірде Мысырдағыдай ірі, үлкен мүсіндер сомдалмады. Әдетте, мүсіндер шағын мөлшерде, әр түрлі материалдардан (алебастр, әк тас, базальттан) жасалынды. Сонымен бірге Шумер мүсіндері қарапайым да, ерекше ғажайып тұғырда жасалуымен көзге түседі. Мүсіндерді сомдауда; көздері әдеттен тыс үлкен етіп жасалынды. Ол бір жағынан сол кезеңдегі діни түсінік бойынша бүкіл әлемді бағын-бағдарлап тұрған құдайдың көзқарасын білдірсе, екінші жағынан ғарыштық түсініктің туындауына себепші болады.

### Аккад өнері

Өзіндік бейнелеу әдісі бар Қосөзен мүсіні кейінгі кезеңдерде де (б.э.д. 3 мыңыншы жылдықтың екінші жартысы) өзінің нағыз өркендеуін бастан өткерді. Дәл осы кезеңде кішігірім қала-мемлекеттердің аймақтағы билікке таласы күшейді. Осы талапай-тартысты соғыста Аккад қала билеушісі жеңіске жетіп, айналасына өз үстемдігін орнатты. Оның

билеушісі атақты Саргон-I патша болды. Ол біртіндеп бүткіл Қосөзен аңғарын түгел бағындырып, Аккад мемлекетін құрды.

Б.э.д. 24 ғасырда қала-мемлекеттер бірі-бірімен күрес жүргізіп, мемлекеттердің бірігуі және суландыру каналдарының дамуы салдарынан Аккад қаласы жоғарлаған. Аккад қаласының өркендеуі Саргон патшасы кезінде болған. Саргон бірінші болып Қосөзенді бір мемлекетке біріктірген, ол сол уақыт үшін прогрессивті мән болды. Саргонның мұрагері Нарамсин Қосөзенді біріктіру саясатын жалғастырды. Қосөзеннің өнерінде осы кезеңнен бастап Аккад-смит өнері дамып, онда Шумер өнеріне қарағанда реалистік тенденциясына бағынатынын көруімізге болады. Бірінші рет Аккад кезеңінде көркемдік индивидуальдык рөлі дәлелденді. Тіпті шебер-мүсіншінің есімі ескертілген жазба табылған.

Шумер сәулет өнерінен, Аккадтың сәулетінде аркалы свод кеңінен тарады. Тұрғын үйлерде арканы есіктің бағаналарын безендіруінде кездестіруге болады. Тұрғын үйлерде саздан немесе ағаштан жасалған, рамалар бекітілген үлкен емес терезелері болды. Кейбір үйлер екі жақты шатырмен тұрғызған, себебі ол ылғалды климатымен байланысты болған.

Аккад кезеңіндегі жасалған мүсіндік ескерткіштері көп табылған жоқ, бірақ табылған мүсіндерге қарап біз Аккад мүсін өнерінің жаңа деңгейге жеткенін көреміз, онда адам реалистік трактовкада берілген. Бұл ретте мыстан жасалған бас, мүмкін нақ Саргонның портреті-аса тамаша бейне. Бұл нақты жеке-дара адамның, қатал да өктем адамның кейпін бейнелейтін маска. Бұл Нинегиден табылған. Бұл бейне адамның қатал, қатыгез екенін көрсетеді. Аккад өнерінің аса үздік шығармасы-Нарамсиннің жеңіс стелласы. Бұл таста-эпикалық поэмасы бейнеленген. Стелланың биіктігі 2 м, қызыл құмнан жасалған. Стеллада таулы Луллубей тайпаларына қарсы соғысқа шыққан Нарамсиннің сапары бейнеленген. Композиция жағынан жалпы және анық берілген оқиғаның сюжетін бөліктерге бөлмей, біріктіріп бейнеленген.

Ежелгі Шумерлік бейнелерге қарағанда, Аккадтықтардың адам бейнелеуіндегі аяқ-қолы, иығы, дене пропорциялы дұрыс модульденген және монументальды рельефтерде композициясына пейзаж кірген.

### **Вавилон өнері**

Вавилон өнері (б.э.д. XX-XVII ғасырлар). Шумер, Аккад өнерінен кейін б.э.д. екінші мың жылдықта осы аймақта әр түрлі мәдени орталықтар пайда болды. Осы тұста Оңтүстік Қосөзен аймағы Вавилонның қол астына қарап, бір мемлекет құрады. Кезінде тек бір аудандық кішігірім қалашық болып табылатын Вавилон қалшығы ірі, аумақты, күшті мемлекеттің астанасы болды. Қала жан-жақты өркендеп, дүниенің әр түрлі елдерімен қызу қарым-қатынас орнатты. Мәдениет пен өнер өркен жайды. Бірақ та бір өкініштісі, сол дәуірдегі Вавилонның өнер ескерткіштері бізге жетпеген. Олардың болғанын тек тарихи шежіре деректерден ғана оқып

білеміз. Соған қарамай, кейінгі археологиялық қазбалардан кейін біраз өнер көздері аршылып алынды. Соның бірі- Вавилон қаласының жанындағы көрші мемлекет-қала Сузакта табылған тас тақтайшадағы бедерлемелі шығарма. Онда патша Хаммурапидің Шамаш құдайдың алдында тұрған бейнесі қашалған (Шамаш-күн және әділ-заң құдайы). Осы бедерleme бейнелеу әдісінде де Шумер мен Аккад өнерінің әжептәуір ықпалды ізі жатыр.

Вавилон өнеріне тән нәрсе сабырлылық басымдау, оқыс қимыл жоқтың қасы. Керісінше, сарай адамдарына тән тәкаппар салтанаттылық қалыптасқан. Вавилондық мүсіндерде шумерлік ықпалмен жасалғанмен, оның өзіне тән кескіндеу әдісі, бет-бейнесі қылаң береді. Осындай, өзіндік табиғаты бар өнерді, махаббат пен сұлулық және құнарлылық құдайы Иштардың (иштар-шолпан планетасын бейнелейді) өн бойынан байқауға болады.

### Хеттердің өнері

Қосөзен алқабында тағы бір мемлекет Хеттер патшалығы өмір сүрді. Кіші Аяда таулы аймақты жайлаған бұл ел өзіндік ағыммен дербес дамыды. Олардың қалалары, оның ішінде астанасы-Хаттуса биік, әрі мықты қорғандармен қоршалды.

Хеттердің өнері, әсіресе мүсін өнері олардың сәулетінің ықпалымен өркендеді. Сол себептен мүсіндері ірі қорған, қақпалармен біте қайнасып, ауыр әсер қалдырды және тілсіз табиғаттың дүлей үстемдігі сезіледі. Соның бірі ескерткіш-Хаттус қаласындағы «Арыстанды қақпа»(б.з.б. ХУ-ХІІ ғасырлар).

Хет патшалығы аймақтағы мықты, әрі соғыс техникасы ең озық мемлекет болды. Патшалық ірі тұрақты армия ұстады, қос дөңгелекті соғыс арбаларымен жабдықты. Жан-жағы қалқандармен қымтырылған, ішінде мерген садақшалары бар, қару-арба өз дәуірінде жауларына тажалдай болып көрінді. Сондықтан да болар, Хет патшалығы жаугершілік соғыстарда көбінесе жеңіске жетіп отырды. Тіпті кезінде Мысыр перғауыны Рамсес-ІІ мен соғыста Хет патшасы Муватали осындай күшті соғыс техникасының күшімен басым түскен болатын. Кейіннен Хеттердің күшін білгеннен кейін Мысыр патшалары олармен бейбіт бітім жасасып отырған.

### Ассирия өнері

Тигр өзенінің орталық ағысында орналасқан Ассирия мемлекеті ХІУ-ХІІІ ғасырларда ірі соғыс державасына айналды. Алдыңғы Азия елдерімен қоса Мысырға билік жүргізді. Осы кезеңде таяу Шығыс елдерінің өркендеуіне кең жол ашылды. Ассирия патшалары өздерін көне

заман ата-бабаларының мұрагері ретінде санап, бар билікті өз қолдарына ұстады, соларға ұқсап бақты. Соның әсері болуы керек, патша Саргон-II ертедегі Аккад патшасы Саргон-I дің атын иеленді.

Ассирия билеушілері көне өнерді жандандырып қана қоймай, оны бұрынғыдан да асырып, бұрын-соңды болмаған биікке көтерді, соған жағдай жасады. Патша Ашшурбанипал өзін құдай ғып жариялап, таудай храм тұрғызуға әмір етті.

Ассирия өнері көбінесе патша сарайларында өрбіді. Өнерде патша-бекзадаларды мадақтау етек алды, бүткіл шығармаларының мазмұны соған сайды. Храмдардың кіре беріс алдында адам басты, арыстан денелі, қанатты «шедулер» тұрғызылды. Мұндай «шедулер» храмдар мен сарайларды қорғаушы құдайлар кейпін беретін нышан мүсіндері болып табылады. Сонымен бірге, осы кезеңде қала айналасына ірі-ірі қорғандар тұрғызу қызу жүрді. Сол кездегі Ассирия астанасы Ашшураның (б.э.д. VIII ғасыр) қорғандарының биіктігі 15-18 метрге, ал қалыңдығы(ені)-6 метрге дейін жетті.

Ассирия бедерлеме өнері патшалар Ашшурнасирапал-II (б.э.д. 883-859 ж.), Саргон-II (б.э.д. 722-705 ж.) және Ашшурбанапал(668-626 ж.) тұсында ерекше өркен жайды. Әдетте, бедерлемелік шығармалар алебастрдан жасалған плиталардан бедерленіп ойылды. Оны ассириялықтар ортостатах деп атады. Бедерлеме өнері Ашшурнасирапал сарайында көптеп кездеседі. Бедерлеу өнерінде адам бейнесін, оның күшті дене бітімін, түр-тұрпатын аса бір сүйіспеншілікпен жеріне жеткізе кескіндеген. Бедерлеме бейнелерде адам анатомиясы жақсы сараланған, бұл сол кездегі шеберлердің терең білімділігін көрсетеді. Сондықтан Ассирия бедерлеу өнерін осы өңірдің сан ғасырлық жинақталған тәжірибесінің қордаланған жиынтық түйіні, шарықтау шегі деуге негіз бар.

Қосөзен бедерлеме өнерін (әсіресе Ассирия өнерін) саралап, Мысырдың көне бедерлеу бейнелеуімен салыстыратын болсақ, онда қимыл-қозғалыстағы кейбір сәйкестіктер бар болғанымен, Ассирия бедерлемесі өзінің орындалуымен ерекшеленеді. Айтар болсақ, мысырлық өнерде суретші көбінесе жалпылама бейнелеуді жөн көрсе, ал ассириялықтар адамның сыртқы кейпін, мінез-құлқын бейнелей отырып, жоғарыда айтып өткеніміздей, ішкі анатомиялық құрылысын саралап, сол арқылы дене сұлулығын беруге күштарланады. Әсіресе қимыл-қозғалысқа байланысты кейбір дене мүшелерінің бұлшық еттерінің табиғатын анықтай көрсету осы Ассирия өнеріне тән нәрсе, адам анатомиялық құрылымына талдау жасап бейнелеу мысырлықтарда онша дамымаған.

Б.з.д. VIII ғасырда Ассирия империясы ыдырап, бұрынғы күшінен айырылды. Вавилон мен Мидия одақтасып Ассирияны жеңіп, оның жерлеріне өз үстемдіктерін орнатты. Кейіннен Вавилон барлық Қосөзен аңғарын, оған қоса Сирия, Финикия, Палестина өзіне қаратты. Бұл Вавилон патшасы Набопаласар билік құрған кез еді. Вавилонның ең күшейген, ұлы державаға айналғаны Навуходонасар патша тұсында болды. Осы кезеңде Вавилонда өнер, сәулет барынша дамыды. Әсіресе қорғандар

өзіндік әдіс-тәсілмен тұрғызылып, айшықты өрнектелуімен ерекшеленіп, аңызға айналды. Сондай аты әлемге мәшһүр болған құрылыстың бірі-Иштар қорғаны. Ол ірі төрт мұнарадан тұрады. Қорған керегелері глазура кірпіштермен көмкерілген. Онда аса асқақ та маңғаз кейіптегі аңдардың түр-түрпаттары бейнеленген.

Иштар қорғаны өзінің осындай қайталанбас айшықты өрнек-суреттерімен ерекшеленетін сәулет өнерінің бірегей туындысы болып табылады. Бұлардан басқа Вавилонда ғибадатханалар зиккурат сияқты сәулет құрылыстары көптеп тұрғызылған. Сондай құрылыстың бірі-Этеменанки зиккураты. Оны сәулетші Арадаххешу жобалаған.

### Араб елдерінің өнері

Ислам дінін ұстанып араб тілін ғылыми және әдеби тілге айналдырған араб және басқада халықтар өркениеті. Исламды енгізген Мұхаммед Пайғамбардың уағызы бойынша барша қауым осы жаңа дінді мойындай отырып ілгері дамуға, жаңа аймақтарға осы бағыттың артықшылығын түсіндіруге, уағыздауға тиіс болды.

Араб мәдениетінің дәуірлеген шағы VІІІ-ХІ ғасыр болды. Оның көрнекті үлгілері сәулет және бейнелеу өнерінде көрінді. Мешіт, медресе, тұрғын үйлердің жаңа үлгілері жобалық шешімімен, айшықты өрнектерімен, эстетикалық әсемділігімен ерекшеленеді. Ислам діні адамдар мен жануарларды бейнелеуге тиым салды. Бірақ еркін ойлы шеберлер қиялы нәзік өрнектің неше алуан әсем түрін туғызды. Әсіресе, тұрмысты қолданатын бұйымдарды сәндеудің, қоғамдық ғимараттарды әшекейлеудің алуан түрі пайда болып, оның шырмауық сипатты, геометриялық бейнелер тағы басқа салалары қалыптасты. Араб мәдениеті туғызған бұл өрнектер «арабеска» деген атау мен әлемдік бейнелеу өнерінде қазірге дейін сақталып отыр.

Меккедегі қағба ғибадатханасы, Иерусалимдегі 692 жылы салынған Әл-Акса мешіті (1969 ж. Израил фанатиктері өртеп жіберген), Дамскідегі Бани-Омейя мешіті VІІІ ғасыр, тұрмыс салт тақырыбында әшекейленген. Күсейр-Әмре қамалы мен Әмре мешіті (641ж.) Араб мәдениетінен сәулет өнеріндегі озық үлгілеріне жатады.

Араб өнері Египет пен Сирияда өте жоғары дамыды. Әсіресе, Египетте күні бүгінге дейін сақталған Ибн Тулун(876-879ж) Әл-Азһар(970-972ж.), Әл-Хәкім (990-1013ж.) мешіттерінің жобалық үлгісі, әшекей-нақышы құрылыс бөлшектерін өрнек түрінде пайдалану тапқырлығы қазірге дейін таң қалдырады. Каир қаласындағы осы үш мешітке жұма намазға жиналған бүкіл қала халқы сиған. ХV ғасырда Әл-Азһар мешітінде ашылған кітапханада араб шығысының мәдениетімен тарихына байланысты 60 мыңнан астам кітап пен 15 мыңдай қолжазба сақталған. Бұл кезде мешіттермен қатар керуен-сарайлар, моншалар, тұрғын үйлер салынған. Қоғамдық ғимараттар саны қисапсыз. Сұлтанның қорғаны

Каирдың ортасында тұр, оның жан-жағы түгел ашық. Бірде-бір ғимарат оған жанаспайды. Түнде қорғанды 500 атты, 500 жаяу адам күзетеді. Қаланың бес қақпасы бар: Баб Ән-Наср (көмек қақпасы), Баб Әл-Футух (жеңіс қақпасы), Баб Әл-Кантар (көпір қақпасы), Баб Әз-Зүбейлә, Баб Әл-Халиг (канал қақпасы). Халифаттардың орталығы Дамскіде, Омлиядтар әулетінің билігінде болған кезде бұл нағыз ғалымдармен, ақындардың, өнерпаздарымен, кескіндемешілердің, сәулетшілермен, калиграфтардың топтасқан жері болды.

Мәмліктер заманындағы сәулет өнерінде, бүкіл Орта Азиямен Таяу Шығыстың, Батыс Европаның жалғасын атпты. XI ғасырдың ақырына таман халифаттың ыдырауы, селжұқтардың жауынгершілігі мен крест жорықтарына қарсы күрес, XIII ғасырдағы монғол шапқыншылығы, XIV ғасырдағы түрік жауынгершілігі, XX ғасырдағы Европа отаршылдығы Араб мәдениетінің дамуына күрт бөгеді. Бірақ кезінде қатты дамып, жан-жақты қалыптасқан Араб мәдениетінің Батыс пен Шығысқа еткен әсері өзіндік өшпес ізін қалдырды.

Араб жазуы ежелгі Вавилондағы, Аккад, Шумер тайпаларының жазба әріптері негізінде пайда болған, көне жазулардың оңнан солға қарай жазылады.

Замани араб әлемінің жағрафиясы таңғаларлық әр түрлі. Үнді мұхитының теңіздері мен шығанаға қоршалған Араб жартылай аралын өзара Сауд Арабиясы, Йемен, Оман т.б. Парсы шығанағына қараған кіші мемлекеттер бөліп алды. Ирак Қосөзен цивилизациясының мұрагері болып қалды. Сирия, Ливан және Йордания библиялық тарих қалыптасқан жерлер ежелгі Сирия, Фининия және Полестинаның біраз территориясын алды. Египет Ніл бойында орналасқан Ежелгі Египет алқабын мұра етіп алды. Ортағасырлық араб географтарының қойған Магриб деп аталынған. Жерорта теңізінің солтүстік африкалық жерінде Ливия, Тунис, Алжир және Марокко мемлекеттері орналасқан.

Араб елдерінің тарихы мен мәдениеті Орталық Азия және Кавказдың көркемдік мәдениетіне әсер еткен Иран және Түркиямен тығыз байланысты.

Иудей мен христиандардың киелі кітабы Библияның айтуынша Араб елі ежелгіде әлемнің бір бөлігі болған делінген. Негізінен семиттер болған арабтар Палестина және Сирия халықтарына жақын әрі түсінікті тілдерде сөйлеген және ертеден бастап сауда және мәдениет байланыстарын ұстаған.

Арабтар арасында алғашқы қауымдық сенімдер сақталынды. Аспан әулиелеріне, тасқа, ағашқа табынды. Тіршіліксіз шөлдер және гүлденген далалар, күндізгі аптап пен түнгі ыстық, құйынды, бүтін керуенді сіңіріп алатын құмды алқаптан тұратын Арабия табиғаты қатыгез және мейірімді жындар туралы әңгімелерді дүниеге алып келді. Бұл сенімдер араб елдерінің ертегілерінің әлеміне енгізді.

VII ғасырдың бірінші тоқсанында Мекке қаласында жаңа дін ислам қалыптасты. Меккелік саудагерлік ортадан шыққан ислам дінінің негізін

салушы Мұхаммед (570-632 жыл шамасында) 40-тан асқан жасында Пайғамбар деп танылды. Ол өзінің қағидалары мен оқытулары арқылы өзі меңгерген киелі танымдарды жеткізді. Мұхаммед қағидаларын кейін жазылып, мұсылмандардың киелі кітабы-Құран құрылды. Жаңа діннің бекітілуімен Мекке киелі қалаға айналды.

Мұхаммедпен құрылған мұсылман қоғамы тез дамып, VII ғасырдың екінші жартысында мықты мемлекетке айналды. Ал оның басшысы-Халиф-әрі рухани, әрі саяси басшысы болды. Мұхаммедтің қаза болғанынан кейін оның орнына келген «Халифтер», кейін оның мұрагерлері өз қолдарына билікті алып, үлкен көлемді әрі мықты держава-Араб халифатын құрды. VIII ғасырда Халифаттың мықты кезеңінде, оның жері Атлант мұхитынан, батысында ИНД және Сырдария жағалауларына дейін қамтитын. Ислам бірте-бірте халиф үкіметіне бағынған халықтар арасына тарады.

Құран тілі-арабша-мемлекеттік билік және ұлтаралық қарым-қатынас тілі болды. Құран мен хадистер мұсылмандардың өмір сүру қалпын және мемлекеттік басқару негізін құрды. Құдіретті Алланың, исламның білімге деген қатынасы, нағыз сенімге қажетті ғылымның, сонымен қатар өнердің дамуын қолдады. Өнер-білімнің түрлерінің бірі болып саналды. VII-XIII ғасырлар арасында араб тіліне көптеген грек, рим, Византия авторларының шығармалары аударылды. Осылайша антикалық философияның және ғылыми ойлар халифат мәдениетінің жетістігіне айналды. Кейін араб түп нұсқаулары арқылы ортағасырлық Еуропаға да тарады.

#### Ислам

Ислам-түрлі елдердің адамдары ұлттарға бөлінбей сенетін әлемдік сенім оқытатын діндердің бірі. Ислам (тек Аллаға сену) жалғыз құдай-Аллаға сиынатын дін. Ол өзінің киелі сөздерін Мұхаммед Пайғамбар арқылы жеткізді, пайғамбар оларды дауыстап оқып түсіндірді. Исламға сенетін адамдар мұсылмандар деп аталынды.(арабша «муслим»-өзін құдайға ұсынған). Әр бір мұсылманның жеті парызы бар:

1. Жалғыз Аллаға сену және Мұхаммед оның елшісі екендігіне сену;
2. Күніне бес мәрте намаз оқу;
3. Киелі Рамазан айында отыз күн ораза тұту;
4. Зекет беру;
5. Алланың кітаптарына сену;
6. О дүниенің бар екеніне сену;
7. Өмірінде бір мәрте Меккеге қажылыққа бару, исламның негізгі ғибадатханасы-Қаабаға;

Құран (арабша «аль-құран» дауыстап оқу)-мұсылмандардың киелі кітабы. Ол алғашқыда ауыз тексті ретінде жиналған, кейін Пайғамбар өлімінен кейін оның құрған мұсылман мемлекетін оның орынбасарлары-Халифтер басқарған кезде жазылған кітап ретінде шықты. Құранның ең ежелгі қолжазбалары VII-VIII ғасырларда жазылған. Құран 114 бөлім-сүрелерден тұрады. Әр бір сүре (арабша-қатар) аяттардан (арабша белгі, ғажайып) тұрады. Олар текстің кішкене бөліктері, әдетте европалықтар өлеңдер деп

атайды. Құран- отбасы мен қоғамдағы тәртіп ережелерін, мұсылман заңдылықтарының, (негізін) философиясының, эстетиканың негізі туралы мәліметтерден тұратын мұсылмандардың универсалды энциклопедиясы. Сонымен қатар Құран ортағасырлық Шығыс әдебиетінің керемет шығармасы, араб тілінің классикалық эталоны, ғалым-арабистердің ізденіс жұмыстарының түпнұсқасы болып келеді.

Ислам – тек дін емес. Ол мұсылманның өмір сүруін анықтайтын адам және қоғамның қарым-қатынас системасы. Құранмен бірге өмірдегі мәселелерді шешу түпнұсқасы болып сүннет табылды. Ол Мұхаммед Пайғамбардың әңгімелері мен істері, олар киелі әңгіме-Хадистер түрінде мұсылман басшысы болып-Имам саналады. Тар ұғымда ол мешітте намаз оқитын ұжымды басқаратын адам, ал кең ұғымда мұсылмандар қоғамының басшысы.

### **Ахменидтер империясының өнері.**

Персиялықтар мен мидиліктер Ежелгі Иранда қоныстанған (шығу тегі) индоевропалық тайпалар тегінен. Алғаш б.з.д. IX ғасырда ассирия хроникасында айтылады. Б.з.д. 550 жылы Ахменидтер династиясынан шыққан персиялық патша Ұлы Кир II мидилік патшаны жеңіп өзінің мемлекетіне қосты. Б.з.д. 539 жылы Перс патшасы Вавилонды бағындырып, б.з.д. 525 жылы Египетті, кейін өзінің ықпалын Сирия, Финикия, Кіші Азияға жүргізіп, үлкен империяға айналды.

Ахменидтік патшалар жаулап алынған мемлекеттерге терең және алдын болжайтын саясатты жүргізді. Олардың әрқайсысы Персия провенциясы болып салық төлеуі қажет еді. Сонымен қатар жаулап алушылар қалаларды қиратпады, бағындырылған халықтың дініне, мәдениетіне және дәстүрлеріне өзінің шыдамдылығын көрсетті: мысалыға жергілікті салтқа байланысты патшалыққа символикалық коронациялау жүргізді, жергілікті құдайларға табыну церемониясына қатысты. Шығыстағы Персиялықтардың үстемдігі 250 жылға созылып, б.з.д. 331 жылы А. Македонскийдің шығысқа жасаған жорығында ғана жойылды.

Мидилік және персиялық шеберлерге өнерде өз жолын табу жеңіл болмады, өйткені оларды өздерінен де ежелгі және жоғарғы мәдениет ескерткіштері қоршады. Сонда да шет дәстүрлерді зерттеп және алмаса отырып, олар «империялық стиль» деп аталынатын өзіндік көркем стильді қалыптастырды. Оған мерекелік, масштабтылық, сонымен қатар бөлшектерді өңдеуде нақтылық тән.

Ахеменид империясының көркемдік орталығы ретінде патша резиденциясы болды. Олардың құрылысына жаулап алған территориядан әкелінген адамдардың үлкен саны(бөлігі) қатысты. Резиденцияның әрбірі керемет сәулет-мүсіндік комплексті құрады, олардың барлығы бір ғана ой-патша билігін дәріптеуге бағынды.

Б.з.д. VI ғасырда Иранның оңтүстігіндегі Кир II құрылған Пасаргад қаласындағы ансамбльдің ең ежелгісі және ол толық сақталмаған. Өзінің түрі суық әрі қатал болғанымен мәртебелі таулы пейзажда керемет үйлесім тапқан. Ансамбль өзінде үш ірі құрылысты біріктірді. Ассириялық дәстүрге тән екі жағында адам өгіз фигуралары бар кіреберіс-портал; ападану атты мерекелік қонақ күту сарайы, таджару-тұруға арналған сарайлық бөлмелер. Осындай жоспар бұдан кейінгі ансамбльдерге де тән. Пасаргадта Кир II қабірі сақталған, ол қатал әрі массивті, биіктігі 11 м. құрылыс, сырт пішімі жағынан Қосөзендік зиккуратты еске түсіреді. Оның қабырғасы безендірілмеген, тек кіре берісінде алтын және қола қойылымдары бар, жоғарғы құдай Ахура-Мазданың символы үлкен күрделі пішімдегі розетка қойылған.

Ежелгі Персиялық астана Суздағы патша сарайының жоспары мен безендірілуінде Қосөзендік дәстүр айқын көрінеді.

### Иран өнері

Б.э.д. 538 жылы Иран патшасы Ахменид Вавилонды басып алып, бүкіл билікті өз қолына алды. Өзінің негізгі қарсыласы Вавилонды бағындырған Ахменид патшалығы біртіндеп ірі империяға айналды. Оның үстемдігі барлық алдыңғы Азия елдеріне, кіші Азияға және Арменияға, тіпті Мысырға да жүрді.

Ертедегі ахменидтер Иранында ең өркендеген нәрсе сәулет өнері болды. Сондай ірі ауқымды сәулет ескерткішінің бірі- Персополь сарайы. Сарай құрылысы Дарий патша тұсында басталып (б.э.д. 520 ж.) патша Ксеркстің тұсында (б.э.д. IV ғасыр) аяқталды. Сарай көлемі өте үлкен, текшеге ұқсас. Бір кереметі сарай биіктігі 12 метр болатын тас плиткалардан қаланған тұғырға тұрғызылған. Мұндай биік тұғыр сарайды асқақ та, аспанмен таласар заңғар етіп көрсетеді. Иран сәулет ескерткіштері батыс пен шығыстың, онан қалса Мысырдың ең озық үлгілерінің асыл қоспасының белгілерін бойына сіңіріп, содан ешкімге ұқсамас бет-бейнеге ие болған. Олардың өнері, нәзіктік нақышқа бай болып келеді. Оны Иранның сол кезеңдегі көптеген бедерлеме бейнелерінен және өзіндік даралықпен көзге түсетін ғажайып кошителдерінен көруге болады. Бедерлеу өнерінде ахменидтер шеберлері керемет өркениетті жетістіктерге жетті.

Арабтардың жаулап алып ислам дінінің тарауынан кейін ғимараттардың жана түрі салына бастады: мешіттер, минареттер, медреселер, мавзолейлер т.б. Орта ғасырларда қала қамалдарда біріктіріп, сарайы, базары, соборлық мешіті бар алаңды құрап, орталықта қиылысты, Кейде қала орталығында цитодель болатын.

Кәсіптік қала шетінде (рабаттар) қабырғалармен қоршалынды. Құрылыс күйдірілмеген және күйдірілген кірпіш және тастың

қолданылыумен жүрді. Сәулет өнеріндегі аркалар мен өткелдер бағытында бола бастады.

Бүкіл Қосөзен өнерімен, айбынымен әлемге паш еткен Ахменидтік Иран б.э.д. 330 жылы үлкен жаутершілік-шапқыншылыққа тап болды. Елді Александр Македонский жаулап алып, көне шығыс мәдени ошақтарының бірі өз өмірін тоқтатты.

### **Урарту өнері**

Урарту – б.з.д. IX ғасырда Армян таулы аймағында қалыптасқан шағын, бірақ мықты мемлекет. Ол туралы алғашқы әңгімелер ассириялық басшы Ашшурнасирапал II жазбаларында кездеседі. Урарту әрдайым соғыс жүргізіп отырды. Бірінші Ассириямен, ал кейін киммериліктер, скиф тайпаларымен, мидийліктермен. Б.з.д. 593-591 ж. Арасында мидийлік әскерлер соңғы урарттық камалды алды, осылайша Урарту мидийліктердің кейін Ахменидтік Персияның территориясының бөлігі болды.

Урарт өнерінің ескерткіштері өзіндігімен ерекшеленбейді, бірақ көршілес халықтардың көркемдік дәстүрлері үйлесімді шешім тапқандықтан қызықты. Армения территориясындағы қазба жұмыстары арқылы мықты қала-камалдар Тейшебанни мен Эрмуни табылды. Одан біз урарттық шеберлер, құрылысшылар хет және ассирия сәулетін терең меңгергендігін көреміз. Ассирияның ықпалын Эребуни жазбасында көрінеді, бірақ композицияда урарттық өрнек кездеседі. Сонымен қатар өнер ескерткіштерінде шеберліктің жоғарғы деңгейі ерекшеленеді. Ол бұйымдарда басқа да әйгілі мәдениет кейіпкерлері кездеседі. Мысалыға: ассириялық шедуді еске түсіретін фантастикалық кейіп, бірақ урартудегі «шеду»-түрлі-түсті қанатты, беті піл сүйегімен инкрустацияланған кішкентай қола статуэтка. Қалқандар мен зергерлік бұйымдардағыарыстандардың, шауып бара жатқан салт аттылардың керемет бейнесі, садақ қынасын безендіреді, оларда ассириялық рельефтер бейнесінде кездеседі.

Урарттық көркемдік ойлаудың негізгі жағы түске деген махаббат: шеберлер қанық, ашық және эффектілі түстер қатынасын қолданады, мысалыға қанық қызыл мен қошқыл-көк, қанық қоңыр мен алтынтүс.

### **Сирия және Финикия өнері**

Сирия Батыс Азияда орналасқан мемлекет Ежелгі Сирияның көркемдік мәдениеті б.э.д. 9-1 мың ж. б.э. 6 ғасырға дейін тарихи комплекстің бір бөлігі ретінде дамыды. Ол солтүстік Ливан, Иордания, оңтүстік Түркия территориясында орналасқан болатын. Сирияның өнер ескерткіштері неолит дәуірінде жатады. Осмир-Капу жартастарындағы бейнелер, тас және саздан антропоморфты статуэткалары.

Б.э.д. 3 мың жылдықта Қосөзендегі мемлекеттердің мәдениеті қатты ықпал етті. Ежелгі Сирия өнерінің жоғарғы дамуы б.э.д. 2 мың жылдықта Мари, Урарту, Ямхад қала-мемлекеттерінің гүлденуімен байланысты. Б.э.д. II ғасырдың соңы мен I ғасырдың басында Ежелгі Сирия мен Хеттердің көркемдік мәдениетінің белсенді байланысын байқауға болады. Тель-Халафтағы Капар патшаның сарай-храмы б.э.д. 1 мың жылдықта. Б.э.д. IX ғасырдан бастап Ассирия өнері ықпалын тигізді. Оны біз Тиль-Барсиб сарайындағы жазбалардан көреміз. Ежелгі Сирия өнерінде Ежелгі Египеттік, Эгей, және жергілікті элементтері кездеседі. Пластикалық аймақтық мектептер Оңтүстік Сирияда қалыптасты. Ежелгі Сириялық кескіндеме колорит жағынан ұстамды, Дура-Европостағы силуэттегі фрескілер жазық және Эс-Сувейде, Шахба, Антиоки, Хама қалаларының кескіндемесі түске бай мозайканың көлемі шеберлікпен берілген. 4-6 ғасырларда Сирия территориясында Ежелгі Византиялық көркемдік мектеп қалыптасты.

### **Ежелгі Грекия өнері.**

Антик дүниесінің өнері деп –аталатын Ежелгі Грекия шеберлері творчествосының бағзы цивилизациялар көркемдік мұрасынан алатын орны ерекше. Осы атаудың түп төркіні о баста «ежелгі», «қадым заман» мағынасын беретін «антиквус» дейтін латын сөзінен шыққан. Италиян ойшылдары мен суреткерлері Грекия мен Римнің ежелгі өнерін еліктеуге лайық өнеге тұтты. Оларды баурап алған осы өнердің өміршен күші, адам тұлғасының сұлулығы, сырын ұғуы, адамның шексіз шығармашылық қабілетіне деген кәміл сенімі еді. Қадым заман өнерінің таңдаулы туындылары кейінгі ұрпақтардың да игілігіне айналды. Олар ғасырлар бойы Европаның барлық елдері ақындары мен мүсіншілеріне, драматургтары мен суретшілеріне шабыт берді. Антик дәуірінің көркем әдебиеті, философиясымен өнері бүкіл бүгінгі заман мәдениетінің қалыптасуына елеулі ықпал жасады.

Антик мәдениетін жасаған ежелгі гректер. Олар өздерін «эллиндер», өз елін «эллада» деп атаған. Антик дүниесінің өнері ежелгі эллада жерінде б.э.-дан бұрынғы I-мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында өмірге келді. Оның 15 ғасырдай уақытты қамтитын ұзақ ғұмыры б.э.-дың V ғасырында Рим империясының құлауымен аяқталды.

### **Гомер кезеңі**

Б.э.б. I мыңжылдықтың басында Ежелгі Элладаның барлық тайпалары, дорлар сияқты, алғашқы қауымдық құрылыстың ақырғы сатысында тұрған болатын. Олардың тарихының б.э.б. XI-VIII ғасырларды қамтитын ерте кезеңі-«гомер кезеңі» деп аталады. Өйткені біздің бұл дәуір